

Ж.С. Смаханова¹, Ж.Ж. Оразаева², А.Ж. Калыбаева², Ө.Р. Шнанов³

¹ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты», Астана, Қазақстан;

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан;

³С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: z.deil@mail.ru; zh.oralbaeva@mail.ru; kalybaeva_ainur@mail.ru)

Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын талдау (1991–2021 жж.)

Мақалада Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын зерттеу мәселесі қарастырылған. Тарихи жады — ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды факторы, сондықтан оны білім беру жүйесі арқылы қалыптастыру немесе білім саласы арқылы халықтың санасына ықпал ету маңыздылығын жоймайтын мәселе. Зерттеудің мақсаты — 1991–2021 жылдар аралығында Қазақстандағы орта білім беру жүйесінде тарихи жадының берілу ерекшеліктерін анықтау. Зерттеу барысында тарихи білім мазмұнындағы негізгі өзгерістер мен оларды айқындайтын әдіснамалық тәсілдер зерделенді. Қазақстандық тарихшы ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып, тарихи жадының берілу механизмдері, оның ұлттық идеологияға және білім беру бағдарламаларына ықпалы талданды. Қазақ өз тарихын бұл күнге жадымен жеткізген халық екенін білеміз. Тәуелсіздік алғаннан кейін еліміз мемлекет құрудың жаңа белесін игере бастады. Яғни, ел болашағының дүниетанымдық жаңа моделін жобалау, басты құндылықтарды айқындау мәселесі өзекті тақырыпқа айналды. Орта білім мазмұны тұлғаның шығармашылық тұрғыдан дамуына және адамның ерекшеліктерін, қажеттіліктерін тануға да ықпал етуі тиіс. Зерттеу нәтижелері орта білім беру жүйесінде тарихи жадының берік орны бар екенін, бірақ оның мазмұнын жетілдіру қажеттілігін көрсетті. Бірқатар тарихи кезеңдердің үстірт оқытылуы, тарихи фактілердің кейде объективті ұсынылмауы маңызды мәселелер ретінде анықталды. Сонымен қатар, патриоттық тәрбие беру мен тарихи сананы қалыптастыруда тарихи жадының мәні ерекше екені дәлелденді. Бұл зерттеу тарихи білім беруді жаңғырту, оқу бағдарламаларын жетілдіру және оқушылардың тарихи санасын қалыптастыру мақсатында тарих, педагогика және саясаттану салаларында пайдаланылуы мүмкін.

Кілт сөздер: жады, тарихи жады, жадыны зерттеу, орта білім мазмұны, ұлттық бірегейлік, тарихи сана, ұлттық идея, патриоттық тәрбие, тарихты оқыту әдістері, тарихи білім, мәдени мұра, тарихи зерттеу.

Kipicne

Еліміз ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігін алғаннан бастап тарихи сананың қалыптасуы мен оны зерттеу — маңызды мәселе. Өйткені ұлтымыздың тарихи жадысы ұлттық бірегейлігімізді, мемлекетіміздің болашақтағы даму бағыттарын айқындауда шешуші рөл атқарады. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан бастап, тарихи білім жүйесінде күрделі өзгерістер орын алғаны белгілі. Күн тәртібінде кеңестік идеологиялық ықпалдан арылып, ұлттық тарихқа жаңаша көзқараспен қарау қажеттілігі тұрды. Бұл үрдіс елдің тарихи жадысын жаңғыртуға және оны жастарда білім беру бағдарламалары арқылы қалыптастыруға бағытталды. Осы кезеңнен бастап мектеп оқулықтарында Қазақстан тарихын интерпретациялау әдістері, негізгі тарихи кезеңдерді саралау, тарихи тұлғалардың рөлі және отандық тарихтың әлемдік тарих контексіндегі орны қайта қарастырыла бастады. Тарихи жадының орта білім мазмұнына ықпалын зерттеп, қарастыру бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Себебі, білім беру мазмұны — тарихи сананы қалыптастырудың негізгі құралы. Орта білім беру мекемелеріндегі тарих оқулықтары және оларға негіз болған оқу бағдарламалары жас ұрпаққа өткеннің бейнесін ұсынады, ал бұл өз кезегінде ұлттық бірегейлік пен мемлекеттілік идеясын нығайтуға ықпал етеді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ұлтымыздың тарихын қайта қарауға негізделген көзқарастар және көптеген жаңа деректердің пайда болуы мен жаһандану кезінде өзіміздің ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу сияқты мәселелер өзекті болып тұрған кезде жас ұрпаққа тарихты қалай оқыту мәселесі де күн тәртібіндегі тақырып ретінде қарастырылады. Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын талдау арқылы тарихи білім беру саясатының даму үдерісін түсініп, оның ұлттық бірегейлікке әсерін бағалау және болашақтағы білім беру реформаларына ғылыми негізделген ұсыныстар ұсыну қажет.

1991-2021 жылдар аралығында Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын талдап, оның ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөлін анықтау мақаламыздың басты мақсаты. Осы мақсатқа жету үшін алдымен мәселенің теориялық негіздерін қарастырып, ғылыми еңбектер мен теориялық тұжырымдамаларды талдау міндетін орындап, Қазақстан тарихы пәнінің оқулықтарын зерттеу арқылы тарихи білім мазмұнның өзгерісін анықтауға, мектеп оқулықтарында тарихи оқиғалар мен тұлғалардың интерпретациясын қарастыруға ұмтылды.

Қазақстандағы тарихи жады мен білім беру мазмұнының өзара байланысын қарастыру барысында жалпы тарихи жадының анықтамасы мен оның көпқырлылығы қиындық туғызады. Жады ұлттық сана-сезімнің қалыптасу факторы ретінде қарастырылғанымен, оның нақты өлшемдері мен мазмұнын анықтау әртүрлі тәсілдер арқылы жүргізілетінін байқадық. Білім беру жүйесі тарихи жадыны қалыптастырушы негізгі құрал саналғанымен, ол қандай құндылықтарды басымдыққа алуы керек деген сұраққа әртүрлі жауап алуға болатынын байқадық. Оның үстіне тарихи оқиғаларды интерпретациялау саяси жағдайларға қарай өзгеріп отыруы да объективтілік тұрғысынан күрделі мәселе. Зерттеудің әдіснамасы ретінде тарихи әдіс пен талдау әдісі таңдап алынды. Себебі, тақырып аясындағы жүргізілетін зерттеуден объективті нәтижелер алуға осы әдістер тиімді. Сонымен қатар, орта білім оқулықтарын талдау үшін басты критерийі деп оқулықтарда тарихи оқиғалардың берілуі, ондағы терминдер, тұлғалардың сипатталуы, дереккөздерге сілтеме жасау деңгейі сияқты мәселелерге назар аудару таңдап алынды. Тарихта ұлттық мүддеміз де көрініс берілуі керек болғандықтан, тарихи фактілердің объективтілігі мен ұлттық мүдде арасындағы тепе-теңдікті сақтау өзекті. Әсіресе тарихи оқиғалардың саяси интерпретациясын болдырмау үшін бұл тепе-теңдік маңызды. Осылайша, Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын зерттеу теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік мәселелерді қарастыруды талап етеді. Бұл мәселелерді шешу тарихи білім беру сапасын арттырып, ұлттық бірегейлікті нығайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жүргізіп, мәселені қарастыру барысында Қазақстандағы тарихи жады мен орта білім мазмұнының байланысын зерттеу бірнеше теориялық мектептер мен ғылыми бағыттар аясында қарастырылғаны байқалды. Шетелдік зерттеулерге қарасақ, мысалы, француз әлеуметтанушысы Морис Хальбвакс [1] тарихи жадының ұжымдық сипатқа ие екенін және оны қоғам қалыптастыратынын атап өтеді. Қазақстан жағдайында бұл теория мемлекеттің тарихи дискурсты қалыптастырудағы рөлін түсінуге мүмкіндік береді. Алайда, тарихи жадының орта білім мазмұнында берілуі кезінде жадының қаншалықты объективті және көптүрлі бола алатыны әлі де қарастырылуы керек мәселе. Ал француз философы Луи Альтюссер [2] білім беру жүйесін идеологиялық аппараттардың бірі ретінде сипаттайды. Бұл білім жүйесінің тарихи сананы қалай қалыптастыратынын түсінуге көмектеседі, яғни тарихи білім қаншалықты объективті бола алады және оның мемлекеттік идеологияға тәуелділігі қандай деңгейде екендігін анықтауда көмектеседі. Ориентализм теориясының өкілі Эдвард Саид [3] постколониалдық теориясында «басқаны» құру мәселесін көтерді. Бұл теория посткеңестік білім беру жүйесінің Кеңес Одағы қалдырған мұрасынан арылу және тарихты жаңа, ұлттық тұрғыдан жазу әрекеттерін түсінуге көмектеседі. Бірақ бұл тұста Кеңестік тарихнамадан толықтай бас тарту қаншалықты әділ және ғылыми тұрғыдан негізді деген сұрақ туындайды. Білім беру жүйесі жаһандану үрдісінен тыс қала алмайды. Кейбір мемлекеттер тарихты оқытуда ұлттық бірегейлікті күшейтуге мән берсе (Жапония, Қытай), ал басқалары көпмәдениетті және плюралистік тәсілді ұстанады (Франция, Канада) [3].

Қазақстандағы тарихи жадының орта білім мазмұнына ықпалын қарастыру барысында еліміздегі ғалымдардың тарихи білімнің қалыптасуы, оқулықтардың мазмұны және тарихи сана туралы еңбектеріндегі әртүрлі көзқарастарды ескеруге тырыстық. Мысалы, белгілі тарихшы ғалым М. Қойгелдиев [4] өз еңбектерінде ұлттық тарихты қайта жазу үдерісі кеңестік мұрадан арылу тұрғысынан қарастырады. Ғалымның көзқарасы бойынша, тәуелсіздік алғаннан кейін тарих ғылымы отаршылдық дискурстан босап, қазақ халқының шынайы тарихын қалпына келтіруге бағытталуы керек. Сол сияқты Х. Әбжановта [5] білім беру мен тарихи жадының өзара байланысын зерттеп, тарих ғылымының методологиясына ерекше мән береді. Ол орта білім мекемелеріндегі тарихи оқулықтар мазмұнының ұдайы жаңарып отыруы керектігін және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарих пәнінің рөлін атап көрсетеді. Оның көзқарасы тарихи мазмұнның идеологиялық ықпалдан босатылып, ғылыми объективтілікке сүйенуі керектігіне негізделеді. М. Қозыбаев [6] өз еңбектерінде кеңестік оқулықтардағы тарихи нарратив пен тәуелсіз Қазақстан оқулықтарындағы өзгерістер салыстырылады. Ғалымның пікірі бойынша, қазіргі оқулықтарда ұлттық көзқарас басым болғанымен, тарихтың күрделі кезеңдері объективті түрде көрсетілуі тиіс. Е. Әбіл [7]

Қазақстан тарихын оқытудағы методологиялық тәсілдерді қарастырып, тарихи сананы қалыптастырудағы оқулықтардың маңызын зерттейді. Ол оқулықтарда дереккөздердің алуан түрлілігін арттыруды және балама көзқарастарды қамтуды ұсынады. К. Байпақов [8] тарих оқулықтарында археологиялық және жазба деректер негізінде жаңа тұжырымдар енгізілуі керектігін айтады. Ғалым ұлттық тарихты ғылыми дәлелдер негізінде жүйелеуді қолдайды. Сол сияқты Қ. Алдажұмановта [9] Қазақстан тарихын оқытуда еуроцентризмнен бас тарту керек екенін және отандық дереккөздерге басымдық берілуі қажеттігін ұсынады. Ә. Төлеубаев [10] Қазақстандағы тарих пәнін оқытудағы қиындықтар мен мүмкіндіктерді қарастырады. Ол оқушылардың тарихи жадысын қалыптастыруда мектеп бағдарламаларындағы тұжырымдамалық өзгерістердің маңызын көрсетеді. Жалпы, авторлардың қай-қайсысы болмасын зерттеулердің басым бөлігі тарихи білімнің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы рөліне назар аударады.

Материалдар және әдістер

Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын талдау үшін негіз болған зерттеу материалдары әртүрлі ғылыми әдістермен қарастырылды. Тарихи білімнің қалыптасуы, оның мазмұны мен интерпретациясын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік беретін және зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүргізілетін әдістер таңдап алынды. Негізгі қолданылған әдісіміз — тарихи-салыстырмалы әдіс. Өйткені Тәуелсіздік жылдарындағы оқулықтарды қарастыру барысында кеңестік идеология тұсындағы оқулықтар мазмұнымен салыстыру көптеген идеологиялық, мазмұндық өзгерістерді анықтауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, құрылымдық-талдамалық әдіс қолданылып, орта білімге арналған тарих оқулықтарының ішкі мазмұны, ондағы тарихи кезеңдердің берілу тәртібі мен маңыздылығы, тарихи тұлғалар мен оқиғаларға басымдық берілуі тұрғысынан сарапталды. Бұған қоса, дискурстық талдау әдісі де пайдаланылды. Бұл әдіс арқылы оқулықтардағы мәтіндердегі нарративтер, қолданылған тарихи терминология мен авторлық көзқарас элементтері зерделенді. Осы аталған әдістердің кешенді түрде қолданылуы тарихи білім мазмұнын тереңірек түсінуге және тарихи жадының мектеп оқулықтарындағы көрінісін анықтауға мүмкіндік берді.

Тарихи-салыстырмалы әдіс арқылы тәуелсіздік жылдарындағы тарих оқулықтарының мазмұны кеңестік кезеңдегі оқулықтармен салыстырылып, олардың мазмұндық және идеологиялық айырмашылықтары анықталды. Құрылымдық-талдамалық әдіс негізінде оқулықтардағы тарихи мазмұнның логикалық құрылымы, тақырыптардың берілу реті мен басымдықтары зерттелді. Бұдан бөлек, дискурстық талдау әдісі оқулықтардағы мәтіндердің ішкі нарративін, қолданылған ұғымдар мен ұстанымдарды талдауға мүмкіндік берді. Осылайша, Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын зерттеу теориялық, әдіснамалық және тәжірибелік мәселелерді қарастыруды талап етеді. Бұл мәселелерді шешу тарихи білім беру сапасын арттырып, ұлттық бірегейлікті нығайтуға мүмкіндік береді.

Мақалада тарихи жадының Қазақстандағы орта білім мазмұнына ықпалын талдау үшін әртүрлі материалдар пайдаланылды. Бұл материалдарды екі негізгі топқа бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, 1991 жылдан бастап Қазақстанда жарық көрген негізгі тарих оқулықтары қарастырылды. Атап айтқанда, Қазақстан тарихы пәнінен 5–11-сыныптарға арналған оқулықтар, мысалы: Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық (авторлары: Ж. Қасымбаев, Қ. Әбдешұлы және т.б.); Қазақстан тарихы. 7-сынып. Ортағасырлар тарихы (Н. Атығай, М. Қозыбаев), Қазақстан тарихы. 9-сынып (М. Қойгелдиев, Т. Әбжанов), Қазақстан тарихы. 11-сынып (Қ. Жүкешев, Қ. Әбіл, М. Тәтімов) және басқа да оқулықтар [11]. Екіншіден, аталған оқулықтарға негіз болған мемлекеттік нормативтік-құқықтық құжаттар мен оқу бағдарламалары қарастырылды: «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Білім туралы» ҚР Заңы (2007, 2015 жылғы редакциялар), Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (МЖМБС), 2002, 2012, 2018 жылдардағы нұсқалары [12].

Нәтижелері

Мақалада Қазақстандағы тарихи жадының орта білім мазмұнына ықпалы жан-жақты қарастырылып, білім беру саласындағы тарихи нарративтің эволюциясы, оның идеологиялық және методологиялық аспектілері талданды. Авторлардың көзқарасы бойынша, Қазақстан тарихын оқыту үдерісі белгілі бір кезеңдерде өзгерістерге ұшырап, мемлекеттің ұлттық бірегейлікті қалыптастыру стратегиясымен тығыз байланысты болды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, Қазақстандағы орта білім мазмұны тарихи жадыны қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады.

Кеңестік кезеңдегі оқулықтарда тарихи оқиғалар көбінесе идеологиялық қатаң шеңберде баяндалып, Қазақстан тарихы Кеңес Одағының аясында қарастырылды. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі оқулықтарда ұлттық тарихқа басымдық беріліп, Қазақ хандығы, Алаш қозғалысы және XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін сияқты тақырыптар жаңа тұрғыдан қарастырыла бастады. Біздің пікірімізше, бұл өзгерістер тарихи жадыны ұлттық сана қалыптастыруға бағытталған идеологиялық құрал ретінде пайдаланудың айқын көрінісі.

Тәуелсіздік алған жылдары мемлекет тарабынан қолға алынған білім саласындағы түрлі реформалар да өз кезегінде тарихымызды жаңаша оқытуға ықпал ете алды. Дегенмен, жасалған реформалардың белгілі бір бөлігі жетістіктерге жеткенімен, бірқатар мәселелер әлі де өз шешімін күтуде екені анықталды. Қазақстан тарихына арналған арнайы оқулықтар мен оқу бағдарламалары әзірленіп, мемлекеттік деңгейде тарихи оқиғаларды қайта бағалау үдерісі жүргізілгенімен, проблемалар да жоқ емес. Мысалы, оқулықтар мазмұнында тарихи деректердің интерпретациясы бірізді емес, кейбір мәселелер жеткілікті объективті қарастырылмаған. Әлі де белгілі бір тарихи кезеңдер идеологиялық тұрғыдан бағаланып, көпқырлы пікірталастарға орын берілмейді. Қазақстан тарихы жаһандық тарих контекстінде толық қарастырылмай, көбінесе ұлтшылдық бағытта сипатталады. Тарихты оқытуда объективтілік пен көпқырлы көзқарасты сақтау маңызды. Орта білім жүйесінде тарихи жадыны қалыптастыруда тек ұлттық ұстанымды басымдыққа шығару ұзақ мерзімді перспективада тарихи танымның шынайылығына кері әсер етуі мүмкін.

Мақалада Қазақстандағы тарихи жадының орта білім мазмұнына ықпалы анықталып, оның оң әсері мен проблемалық аспектілері айқындалды. Тарихты оқыту жүйесінде жоғарыда аталған тепе-теңдікті сақтай отырып, тарихи жадыны қалыптастырудың ғылыми негізделген тәсілдерін дамыту қажет.

Зерттеу нәтижесінде тарихи жадының Қазақстандағы орта білім мазмұнына ықпалына қатысты бірнеше маңызды ғылыми тұжырымдар анықталды. Олар тарихи білім беру жүйесіндегі өзгерістерді тереңірек түсінуге, оның идеологиялық, әдістемелік және тәжірибелік аспектілерін саралауға мүмкіндік береді. Ең алдымен, Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны тарихи жадыны қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылатыны айқындалды. Кеңес дәуіріндегі тарих оқулықтарында Қазақстан тарихы көбіне қосалқы сипатта болғанымен, тәуелсіздік алғаннан кейін ол ұлттың тарихи санасын қалыптастыратын басты пәндердің біріне айналды. 1991-2021 жылдар аралығындағы оқулықтардағы өзгерістер ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған тарихи жадының қалай қалыптасқанын көрсетеді. Қазақстан тарихының мектеп оқулықтарында тарихи интерпретацияның эволюциясы анықталды. Яғни, Қазақ хандығының мемлекеттілігіне қатысты көзқарастар кеңейтілді (кеңестік оқулықтарда бұл мәселе шектеулі сипатта болған еді). Алаш қозғалысы мен XX ғасырдағы саяси қуғын-сүргін тақырыптары алғаш рет толық көлемде енгізілді. 1930-жылдардағы ашаршылық, 1986-жылғы Желтоқсан көтерілісі сияқты оқиғалар алғаш рет ұлттық трагедия тұрғысынан сипатталды. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуы біржақты жағымсыз сипатта қарастырылған еді. Зерттеу барысында Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандарттары (әртүрлі жылдардағы) сарапталып, олардың тарихи жадының қалыптасуына тікелей ықпал ететіні анықталды. Мемлекеттік стандарттар тарихи білім мазмұнын қалыптастырудағы басты реттеуші құрал ретінде пайдаланылады, өйткені соның негізінде оқулық жазылады. Әр кезеңдегі стандарттарда тарих пәніне қойылатын талаптар өзгеріп отырған. Оқулық авторлары мемлекеттік стандарттарға тәуелді болғандықтан, олардың зерттеу әдістері мен интерпретация еркіндігі шектеулі болады.

Нәтижесінде орта білім беру жүйесі тарихи жадыны қалыптастыру мен сақтаудың негізгі құралдарының бірі болып табылатыны дәлелденді. Мемлекеттің тарих саласындағы саясаты оқулық мазмұнына тікелей ықпал ететіні анықталды. Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға бағытталған идеологиялық құрал ретінде пайдаланылады.

Талқылау

Ұлттық идея дегеніміз халықтың ерекшелігін, өткені мен бүгінін сабақтастырып, болашақ бағдарын айқындайтын ұлт алдына ұлы мақсат қойып, сол мақсат жолында жұмылдыратын күш [13; 132]. Сондықтан болар, тарихи жадымыз көбіне ұлттық идея тұрғысынан зерттелетіні. Кеңестер одағында тоталитарлық жүйенің орнығып, нығая түсуімен бір мезгілде кеңестік тарих ғылымы да саясаттана түсіп, орыс емес халықтардың Ресей империясы құрамына ену процесі жаңа сипат ала бастады. Бұл ғалымдардың пікірінше патша өкіметінің отарлық саясаты империя құрамына енген

халықтарға «зор қасірет» емес, керісінше оларға «болар-болмас қасірет», ал түптеп келгенде бакыт әкелген болып шықты. Осылайша кеңестік тарихшылар Ресейдің «экспансиялық саясаты» деген терминнің орнына «қосып алу», «өз еркімен қосылу» деген терминдерді қолдануды әдетке айналдыра бастады. Партиялық талап және маркстік-лениндік методологияға сәйкес патша өкіметінің отарлық саясатын талдауға алған ғалымдар, бұл процестің зардаптарымен қатар, прогресшіл жағына да көңіл аударуға тиіс болды. Кеңестік тарих ғылымындағы мұндай құбылыс С.А. Раджабов, Н.А. Халфин, Е. Бекмаханов еңбектерінде орын алды. Бұл еңбектерде жасалған тұжырымдар мынаған сай келеді: «Қазақ жерлерінің Ресей құрамына енуі қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық және мәдени мүдделеріне сай келді. Патша өкіметінің зорлық-зомбылық сипаттағы саясатына қарамастан Ресейге қосылу, сөз жоқ, прогрестік маңызға ие болды. Қазақстанның Ресейге қосылуы қазақ халқының көп ғасырлар бойындағы тарихында ұлы бетбұрыс кезең болып табылады» [4; 10]. Көріп отырғанымыздай сәйкесінше оқулықтарда да осы мәселе аса дәріптелді. Сонымен, Қазақстанның қалыптасқан мемлекет екені, көздегені әлемдік бәсекеде «Мәңгілік Ел» ретінде орын тебетіні жарияланды. Маркстік-лениндік ілімнен біржолата қол үзген тарих ғылымы, оның теориялық-методологиялық басымдықтары мен ұстанымдары бірізділіктен сан-алуандыққа көшті. «Ақтандақтарды» жою әлі толық аяқталып бітпесе де, бүркемеленіп келген күрмеуі күрделі тақырыптар игерілді. Мысалы, Кенесары қозғалысының, Алаштың, ашаршылық пен саяси қуғын-сүргіннің ақиқаты жарыққа шықты. Басқа да бағыттар мен тақырыптар бойынша ізденістер ұлттық, мемлекеттік мүддеге бағышталғаны ақиқат. Осының өзі ғылыми танымның табысы, кеңестік саяси-идеологиялық өктемдіктен шығармашылық еркіндікке, таптық, партиялық елес қуудан ғылыми ақиқатқа түпкілікті қадам басқанды бейнелейтін құбылыс [5; 216]. Әрине, біз тәуелсіздік тарихының барлық өзекті мәселелерін осынау бір ғана шағын мақалада қарастырып шықтық деп айтудан аулақпыз. Өйткені, жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысының шағындау кезеңге құрылса да, саяси және әлеуметтік тұрғыдан үлкен тарихы бар екендігін ұмытуға болмайды. Аталған маңызды мәселелердің толыққанды тарихын қаз-қалпында зерттеп, қағазға түсіру үшін кезеңдеудің дүниежүзілік тарих мойындаған қағидаларын басшылыққа ала отырып, негізгі тарихи белестерді айқындап алуымыз керек. Ең бірінші және ең басты мәселе — тәуелсіздік тұсындағы тарихымыздың дәуір ретіндегі өзіндік ерекшеліктерін және оны кезеңдерге, одан кейін тарихи сатыларға бөлудің нақты орындарын анықтауымыз қажет. Егер де 1991-жылғы желтоқсандағы тәуелсіздіктен кейінгі тарихымызды тұтас тарихи дәуір ретінде қарастырар болсақ, онда оның дамуындағы басты кезеңдер мен тарихи жаңа қадамдар қандай деген сауал туындайды. Осындай маңызды сұраққа ғылыми тұрғыдан іргелі зерттеулерге сүйене отырып, көптеген деректерді, оның ішінде, әрине, жергілікті мұрағат құжаттары да және халықаралық мекемелердегі кең ауқымды, біздің санамыздан тыс тұрған, тіптен бізге тәуелсіз деректер де бар, ғылымға қосу негізінде сауалға айқын және негізді жауаптар бере аламыз [14; 89]. Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалын талдау барысында отандық зерттеушілердің еңбектеріне сүйену маңызды. Е. Әбіл өз зерттеулерінде Қазақстан Республикасында 2005-2010-жылдарға арналған Білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасына сілтеме жасай отырып, білім беру жүйесіне қоғамдағы өзгерістердің тікелей ықпал ететінін атап өтеді. Оның айтуынша, білім беру жүйесі жаңа тарихи кезеңнің талаптарына сай икемді болуы керек және экономикалық даму қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс. Бұл тұжырым біздің зерттеуімізбен үндеседі, себебі орта білім беру бағдарламасының мазмұны да қоғамдағы тарихи сана қалыптасуымен тығыз байланысты. Қазақстан тарихы пәні арқылы оқушылар тек ақпаратты игеріп қана қоймай, оны талдау, құрылымдау және қоғам өмірінде тиімді қолдану қабілеттерін меңгеруі қажет. Е. Әбіл әсіресе Қазақстан тарихы пәнінің жоғары оқу орындарында оқытылу ерекшеліктеріне назар аударады. Ол қазіргі университеттік бағдарламалар мектеп бағдарламаларымен үлкен дәрежеде қайталанатынын атап өтеді. Тіпті кейбір тарихи кезеңдер (әсіресе қазіргі заман тарихы) мектепте әлдеқайда тереңірек қарастырылады. Бұл жағдай орта білім беруде тарихи мазмұнның құрылымдалу ерекшеліктерін айқындайды. Оның пікірінше, жоғары білім беру жүйесінде Қазақстан тарихы пәнінің оқытылуы қазіргі талаптарға толық сәйкес келмейді. Мұнда тарихи ғылымның әдіснамалық негіздері, тарихи зерттеудің объектісі мен пәні, субъективтілік пен объективтілік мәселелері, тарихи уақыт ұғымы, тарихи дереккөздердің сенімділігі және тарихи факт табиғаты сияқты маңызды тақырыптарға аз уақыт бөлінеді. Бұл мәселелер мектеп бағдарламасында да өзекті, өйткені тарихи білім берудің мақсаты оқушыларды тек оқиғалармен таныстыру емес, сонымен бірге оларды тарихи ойлау мен талдауға дағдыландыру болуы тиіс. Осы тұжырым зерттеуіміздің негізгі қорытындыларымен үндеседі. Біздің зерттеуіміз тарихи жадының орта білім мазмұнына әсерін талдау барысында оқыту

бағдарламаларында тарихи әдіснаманың жеткіліксіз қамтылатынын анықтады. Орта білім беру жүйесі оқушыларға тарихи фактілерді есте сақтау ғана емес, оларды сыни тұрғыдан талдау және өзіндік көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік беруі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, Еркін Әбілдің көзқарасы біздің зерттеуімізді толықтырып, тарихи білім берудегі проблемаларды жан-жақты түсінуге көмектеседі [7; 364]. Тарихи жадының орта білім мазмұнына ықпалы мәселесін талдау барысында тек оқулық мазмұнын емес, жалпы оқыту әдістері мен олардың білім алушылардың тарихи санасына әсерін де ескеру қажет.

Қазақстандағы тарихи жадының орта білім мазмұнына ықпалын зерттеу барысында археологиялық зерттеулер мен олардың білім беру жүйесіне әсерін ескеру де маңызды. Бұл тұрғыда К. Байпақовтың еңбектері ерекше орын алады, өйткені оның археологиялық зерттеулері Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық тарихын жаңа деңгейде зерделеуге мүмкіндік берді. Ол Қазақстанда 1991-2008-жылдары археологиялық зерттеулердің кеңейгенін атап көрсетеді. Бұл үдеріс 2003-жылы қабылданған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасымен байланысты. Бұл бағдарлама аясында археологиялық зерттеулер ғана емес, тарихи жәдігерлерді сақтау және оларды ғылыми-танымдық мақсатта пайдалану бағыты да кеңейтілді. Археологиялық зерттеулер де Қазақстан тарихының материалдық мәдениетін жан-жақты зерделеуге негіз қалады. Отырар қалашығының зерттелуі ортағасырлардағы қала мәдениеті, сауда, қолөнер және әлеуметтік құрылым туралы нақты мәліметтер берді. Бұл зерттеулер мектеп оқулықтарына қосылып, оқушылардың Қазақстан тарихы туралы білімдерін кеңейтті. Орта білім беру жүйесінде археологиялық жаңалықтар кеңінен қолданылып, оқулықтарда жаңартылған мәліметтермен толықтырылды. Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнында Отырар, Тараз, Сауран сияқты ортағасырлық қалалар туралы мәліметтер ерекше маңызға ие болды. К. Байпақов Отырар қаласы IV-VI ғасырлардан XVII-XVIII ғасырларға дейін өмір сүріп, тарихи сабақтастық идеясын нығайтты деп атап өтеді. Бұл өз кезегінде кеңестік тарихнамада көшпенділерде қала мәдениеті болмаған деген пікірді жоққа шығарып, Қазақстан тарихындағы урбанизация, сауда-саттық және мәдени алмасу процестерінің маңыздылығын көрсетуге көмектеседі. Археологиялық зерттеулер тарихи жадының қалыптасуы мен оның білім беру жүйесіне ықпалын көрсетеді. Орта білім беру бағдарламасында археологиялық деректердің пайдаланылуы Қазақстан тарихы пәнін оқытуда жаңа ғылыми әдістердің енгізілуіне жол ашып, оқушылардың тарихи оқиғаларды нақты артефактілер негізінде түсінуіне көмектеседі [8; 18].

Бүгінгі таңда мемлекеттер «тарихты демократияландыру факторы» арқылы халықтардың, этностардың, әлеуметтік топтар мен жеке тұлғалардың бостандығы мен эмансипациясына ықпал етіп келеді. Бұл үдеріс әсіресе ұлттық азшылықтардың тарихи жадының қалыптасуында маңызды рөл атқарды. Бұл көзқарас бізге де қарастыру маңызды. Өйткені, Қазақстан — көпэтносты мемлекет, және оның тарихы әртүрлі этностық топтардың ортақ тәжірибесінен тұрады. Сондықтан тарихи білім беру жүйесі ұлттық бірегейлікті нығайту ғана емес, сонымен қатар әртүрлі этностардың тарихи жадының сақталуын қамтамасыз етуі қажет. Қазақстан тарихы оқулықтарында қазақ халқының тарихымен қатар, өзге этностардың Қазақстандағы тарихи рөлі де қарастырылады (мысалы, Ұлы Жібек жолы дәуіріндегі этностық байланыстар, Кеңес кезеңіндегі депортацияланған халықтар, т.б.). Бұл тәсіл Қазақстандағы тарихи жадының көпқырлылығын көрсетіп, оқушылардың инклюзивті тарихи санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Кеңестік кезеңде бұрмаланған немесе ұмыт қалған тарихи тақырыптар тәуелсіздік жылдары қайта қарастырылды. Бұл тарихи жадыны қалпына келтіру арқылы ұлттық азшылықтардың өзіндік тарихын сақтауға мүмкіндік берді. Оқушылар өз елінің тарихын тек қазақ халқының ғана емес, оны бірге жасаған түрлі этностардың тарихы арқылы да қабылдағанда, олардың тарихи санасы анағұрлым кешенді қалыптасады [15; 53].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында патриоттық тәрбие беру білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі ретінде көрсетілген. Заңның 11-бабында азаматтарды патриотизмге, мемлекеттік рәміздер мен тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге және қоғамға жат көріністерге төзбеуге тәрбиелеу қажеттілігі атап өтіледі. Патриоттық тәрбие тарихи жадымен тығыз байланысты, өйткені тарихи жады ұрпақтар сабақтастығын және ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың негізі. Егер тарихи білім бұрмаланса, өткенді эмоционалды түрде бағалау басым болса, тарихи сана өзгеріп, мәдениетаралық қатынастарға зиян келеді. Ресейлік ғалым П.Г. Постников тарихи сананы тарихи өткенге бағдарланудың жеке тәсілі ретінде қарастырады. Оның пікірінше, тарихи сана үш негізгі құрылымнан тұрады:

1. Когнитивтік құрылым — тарихи фактілерді, оқиғаларды, даталар мен тұлғаларды, терминдерді білу.

2. Операциялық-әрекеттік құрылым — себеп-салдар байланыстарын анықтау, салыстыру, тарихи оқиғалардың мәнін түсіну және тарихи дереккөздермен жұмыс істей білу.

3. Құндылық-мәндік құрылым — тарихи білімді қазіргі жағдайларда пайдалану және тарихи жадыны ұлттық құндылықтар тұрғысынан сақтау. Осындай тәсіл оқушылардың тарихи білімді саналы түрде игеруіне, оны қазіргі жағдайларда дұрыс қолдануына және патриоттық құндылықтарды бойына сіңіруіне мүмкіндік береді [16; 255].

Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының айтарлықтай ықпал ететінін көрсетті. Орта білім беру жүйесінде тарихи жадының берілуі ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды тетігі. Алайда тарихи білім беру барысында кейбір кезеңдердің үстірт қаралуы тарихи сананың толық қалыптасуына кедергі келтіруі мүмкін. Еркін Әбіл мен Карл Байпақовтың еңбектері білім беру мен тарихи жады арасындағы байланысты айқындай түседі. Сонымен қатар, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жүргізілген зерттеулер тарихи білімнің кеңеюіне үлес қосты. Мемлекеттердің тарихи жадыны жаңғырту саясаты этностық топтардың өзіндік тарихи санасын сақтауға ықпал еткені анықталды. Жалпы, зерттеу нәтижелері тарихи жадының орта білім мазмұнындағы орны тұрақты, бірақ оны демократияландыру мен ғылыми объективтілік тұрғысынан жетілдіру қажет екенін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелерін жүйелеу барысында Қазақстандағы орта білім мазмұнына тарихи жадының ықпалы ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралы екені анықталды. Орта білім беру жүйесінде патриоттық тәрбие мен тарихи сананың дамуы тарихи жадының берілуіне тікелей байланысты. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи білімнің берілуінде бірқатар мәселелер анықталды: кейбір тарихи кезеңдердің үстірт оқытылуы, этноорталық көзқарастардың сақталуы және тарихи фактілердің кейде объективті түрде ұсынылмауы. Зерттеудің басты нәтижесі — тарихи жадының білім беру жүйесіндегі орны көпқырлы тарихи сананы қалыптастырумен ұштасуы тиіс деген тұжырым. Мемлекеттердің тарихи жадыны жаңғырту саясаты этностық топтардың өзіндік тарихи санасын сақтауға және патриоттық тәрбиенің мазмұнын нығайтуға ықпал етеді. Бұл зерттеудің ғылыми және тәжірибелік құндылығы зор. Ғылыми тұрғыдан алғанда, зерттеу Қазақстандағы тарихи білім беру жүйесінің мазмұны мен құрылымына, тарихи сананың қалыптасу тетіктеріне терең талдау жасауға мүмкіндік берді. Тәжірибелік тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері орта білім беру бағдарламаларын жетілдіру, тарихи білім мазмұнын әртараптандыру және тарихи жадының берілуін ғылыми объективтілік негізінде күшейту үшін пайдаланылуы мүмкін. Алынған нәтижелерді тарих пәнінің оқу бағдарламаларын жаңарту, мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар әзірлеу, сондай-ақ ұлттық бірегейлікті нығайтуға бағытталған білім беру саясатында қолдануға болады. Сонымен қатар, зерттеу педагогика, тарих, әлеуметтану, саясаттану және мәдениеттану салаларында тарихи жадының рөлін зерттейтін болашақ ғылыми еңбектер үшін де маңызды негіз бола алады.

Алғыс

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырды (Грант № ИРН BR21882266).

Әдебиеттер тізімі

- 1 Хальбвакс М. Социальные рамки памяти / М. Хальбвакс. — Москва, 2007 — 368 с.
- 2 Альтюссер Л. Идеология и идеологические аппараты государства [Электронный ресурс] / Л. Альтюссер. — Режим доступа: <https://magazines.gorky.media/nz/2011/3/ideologiya-i-ideologicheskie-apparaty-gosudarstva.html>
- 3 Саид Э. Ориентализм / Э. Саид. — Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. — 328 б.
- 4 Қойгелдиев М.Қ. Қазақ Елі: Ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күрес (XIX ғ. — XXI ғ. басы) / М.Қ. Қойгелдиев. — Алматы: Дәстүр, 2014. — 428 б.
- 5 Әбжанов Х. Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология / Х. Әбжанов. — Алматы: «Елтаным баспасы», 2014. — 328 б.
- 6 Козыбаев М.К. Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски / М.К. Козыбаев. — Алматы, 2000. — 256 с.

- 7 Әбіл Е. Қазақстан тарихы әдіснамасы және теориясының кейбір мәселелері. Мақалалар жинағы = Некоторые вопросы методологии и теории истории Казахстана. Сборник статей / Е. Әбіл, Т. Әлібек А. Күзембайұлы. — Қостанай, 2009. — 370 б.
- 8 Байпақов К.М. Ежелгі және ортағасырлардағы Отырар / К.М. Байпақов. — Алматы: Қазығұрт, 2007. — 248 б.
- 9 Алдажұманов Қ. Кеңес өкіметі Әбдіғапардың атын айтқызған емес: Ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл / Қ. Алдажұманов // Аңыз адам. — 2016. — № 10. — Б. 19–21.
- 10 Төлеубаев А.Т. История Древнего Казахстана: учебник для 6 кл. общеобраз. шк. / А.Т. Төлеубаев. — 3-е изд., перераб. — Алматы: Атамұра, 2015. — 224 с.
- 11 Қасымбаев Ж. Қазақстан тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Ж. Қасымбаев, Қ. Әбдешұлы, Алматы; Атығай Н. Ортағасырлардағы Қазақстан тарихы. 7-сынып / Н. Атығай, М. Қозыбаев. — Алматы; Жүкешев Қ. Қазақстан тарихы. 11-сынып / Қ. Жүкешев, Қ. Әбіл, М. Тәтімов. — Алматы. — Электрондық оқулықтар [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://okulyk.kz/>
- 12 «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы». — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459>; «Білім туралы». Қазақстан Республикасының 2007 ж. 27 шілдегі №319 Заңы. — [Электрондық ресурс]. — Қолжетімділігі: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
- 13 ХХІ ғасырдағы Алаштың Ақ жолы / құраст.: С. Байдалы, А. Ырысбекұлы. — Астана: Экономика, 2015. — 767 б.
- 14 Аяған Б.Ғ. Егемен Қазақстан тарихы: Тәуелсіздікке 20 жыл: тарихи-құжаттық зерттеу / Б.Ғ. Аяған. — Алматы: Раритет, 2011. — 397 б.
- 15 Бегунова Е.А. Некоторые аспекты сравнительного анализа понятий «культурная память» и «историческая память» в зарубежной и отечественной гуманитаристике / Е.А. Бегунова // Вестник Кемеровского государственного университета культуры и искусств. — 2019. — № 48. — С. 50–55.
- 16 Абылқасымов Е.Ә. Әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді оқыту негізіндегі тарихи жады патриотизмді қалыптастыру көзі ретінде / Е.Ә. Абылқасымов // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің хабаршысы. — 2019. — № 3. — Б. 253–258.

Ж.С. Смаханова, Ж.Ж. Оразаева, А.Ж. Калыбаева, Ө.Р. Шнанов

Анализ влияния исторической памяти на содержание среднего образования в Казахстане (1991–2021 гг.)

В данной статье рассматривается проблема влияния исторической памяти на содержание среднего образования в Казахстане. Историческая память является важным фактором формирования национальной идентичности, поэтому её формирование через систему образования и влияние на общественное сознание посредством образовательной среды остаются актуальными задачами. Цель исследования — выявить особенности трансляции исторической памяти в системе среднего образования Казахстана в период с 1991 по 2021 год. В ходе исследования были проанализированы ключевые изменения в содержании исторического образования, а также методологические подходы, определяющие эти изменения. На основе трудов казахстанских историков были рассмотрены механизмы передачи исторической памяти и её влияние на национальную идеологию и учебные программы. Известно, что казахский народ сохранил свою историю через коллективную память. После обретения независимости Казахстан вступил в новый этап государственного строительства, где актуализировались вопросы проектирования нового мировоззренческого уклада, определения ключевых ценностей и формирования гражданской идентичности. Содержание среднего образования должно способствовать творческому развитию личности, а также учитывать индивидуальные особенности и потребности обучающихся. Результаты исследования показали, что историческая память занимает прочное место в системе среднего образования, однако её содержание нуждается в совершенствовании. Поверхностное изложение ряда исторических периодов и недостаточно объективная интерпретация некоторых фактов были определены как значимые проблемы. Также доказана особая роль исторической памяти в воспитании патриотизма и формировании исторического сознания. Результаты исследования могут быть использованы в области истории, педагогики и политологии с целью модернизации исторического образования, обновления учебных программ и развития исторического сознания учащихся.

Ключевые слова: память, историческая память, исследования памяти, содержание среднего образования, национальная идентичность, историческое сознание, национальная идея, патриотическое воспитание, методы преподавания истории, историческое знание, культурное наследие, исторические исследования.

Zh.S. Smakhanova, Zh.Zh. Orazayeva, A.Zh. Kalybayeva, O.R. Shnanov

Analysis of the Influence of Historical Memory on the Content of Secondary Education in Kazakhstan (1991–2021)

This article examines the influence of historical memory on the content of secondary education in Kazakhstan. Historical memory is a key factor in shaping national identity; thus, forming it through the education system and influencing public consciousness via the educational sphere remains a pressing issue. The purpose of this study is to identify the characteristics of how historical memory has been transmitted in Kazakhstan's secondary education system from 1991 to 2021. The research analyzes the main changes in the content of historical education and the methodological approaches that have shaped these changes. Drawing on the works of Kazakhstani historians, the study explores the mechanisms of transmitting historical memory and its impact on national ideology and educational programs. The Kazakh people are known for preserving their history through collective memory. After gaining independence, Kazakhstan entered a new phase of state-building, which brought to the forefront issues of designing a new worldview model and defining key national values and identity. The content of secondary education should support students' creative development while also addressing their individual needs and characteristics. The results showed that historical memory holds a firm place in the secondary education system, but its content requires improvement. Superficial treatment of certain historical periods and the occasional lack of objective presentation of facts were identified as significant challenges. The study also confirms the critical role of historical memory in fostering patriotism and shaping historical consciousness. This research can be applied in the fields of history, pedagogy, and political science to modernize historical education, improve curricula, and develop students' historical awareness.

Keywords: memory, historical memory, memory studies, secondary education content, national identity, historical consciousness, national idea, patriotic education, history teaching methods, historical knowledge, cultural heritage, historical research.

References

- 1 Khalbvaks, M. (2007). *Sotsialnye ramki pamiati [Social frameworks of memory]*. Moscow [in Russian].
- 2 Altiusser, L. Ideologiya i ideologicheskie apparaty gosudarstva [Ideology and ideological apparatuses of the state]. *magazines.gorky.media*. Retrieved from <https://magazines.gorky.media/nz/2011/3/ideologiya-i-ideologicheskie-apparaty-gosudarstva.html> [in Russian].
- 3 Said, E. (2019). *Orientalizm [Orientalism]*. Almaty: «Ultyq audarma biurosy» qogamdyq qory [in Russian].
- 4 Koigeldiev, M.K. (2014). *Qazaq Eli: Ultyq biregeilikti saqtau zholyndagy kures (XIX g. — XXI g. basy) [Kazakh Eli: The struggle for preserving national identity (XIX century — early XXI century)]*. Almaty: Dastur [in Kazakh].
- 5 Abzhanov, Kh. (2014). *Qazaqstan: ulttyq tarikh, ideia, metodologiya [Kazakhstan: national history, idea, methodology]*. Almaty: «Eltanym baspasy» [in Kazakh].
- 6 Kozybaev, M.K. (2000). *Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshleniya i poiski [Kazakhstan at the turn of the century: reflections and searches]*. Almaty [in Russian].
- 7 Abil, E., Alibek, T., & Kuzembaiuly, A. (2009). *Qazaqstan tarikhly adisnamasy zhane teoriiasynyn keibir maseleleri. Maqalalar zhinagy = Nekotorye voprosy metodologii i teorii istorii Kazakhstana [Some problems of the methodology and theory of the history of Kazakhstan]*. Kostanai [in Kazakh], [in Russian].
- 8 Baipakov, K.M. (2007). *Ezhelgi zhane ortagasyrlardagy Otyrar [Otyrar in ancient and medieval times]*. Almaty: Qazygurt [in Kazakh].
- 9 Aldazhumanov, K. (2016). Kenes okimeti Abdigapardyn atyn aitqyzgan emes: Ult-azzattyq koteriliske 100 zhyl [The Soviet authorities did not mention the name of Abdigapar: 100 years of the national-minority uprising]. *Anyz adam — Legendary man*, 10, 19–21 [in Kazakh].
- 10 Toleubaev, A.T. (2015). *Istoriia Drevnego Kazakhstana [History of Ancient Kazakhstan]*. (3rd ed., rev.). Almaty: Atamura [in Russian].
- 11 Kasymbaev, Zh., & Abdesuly, K. Qazaqstan tarikhly. Zhalpy bilim beretin mekteptin 5-synybyna arналған оулық [The history of Kazakhstan. A textbook for the 5th grade of a secondary school]. Almaty; Atygai, N., Kozybayev, M. Ortagasyrlardagy Qazaqstan tarikhly. 7-synyp [The history of Kazakhstan in the Middle Ages. 7th grade]. Almaty; Zhukeshev, K., Abil, K., Tatimov, M. Qazaqstan tarikhly. 11-synyp [The history of Kazakhstan. 11th grade]. Almaty. Elektrondyq oqulyqtar [Electronic textbooks]. *okulyk.kz*. Retrieved from <https://okulyk.kz/> [in Kazakh].
- 12 «Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi damytudyn 2005-2010 zhyldarga arналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» ["On the State program for the development of education of the Republic of Kazakhstan for 2005-2010"]. Retrieved from: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U040001459_; «Bilim turaly». Qazaqstan Respublikasynyn 2007 zhylygy 27 shildegi №319 Zany ["About education." The Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319]. *adilet.zan.kz*. Retrieved from https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ [in Kazakh].

- 13 Baidaly, S., & Urysbekuly, A. (Comp.). (2015). *XXI ғасырдағы Alashtyn Aq zholy [The White Road of Alash in the XXI Century]*. Astana: Ekonomika [in Kazakh].
- 14 Aiagan, B.G. (2011). *Egemen Qazaqstan tarikhı: Tauelsizdikke 20 zhyl: tarikhı-quzhatıyq zertteu [History of Sovereign Kazakhstan: 20 Years of Independence: Historical and Documentary Research]*. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 15 Begunova, E.A. (2019). Nekotorye aspekty sravnitel'nogo analiza poniatii «kulturnaia pamiat» i «istoricheskaya pamiat» v zarubezhnoi i otechestvennoi gumanitaristike [Some aspects of the comparative analysis of the concepts of “cultural memory” and “historical memory” in foreign and domestic humanitarian studies]. *Vestnik Kemerovskogo gosudarstvennogo universiteta kultury i iskusstv — Bulletin of the Kemerovo State University of Culture and Arts*, 48, 50–55 [in Russian].
- 16 Abylqasymov, E.A. (2019). Aleumettik-gumanitarlyq panderdi oqytu negizindegi tarikhı zhady patriotizmdi qalyptastyru kozi retinde [Historical memory as a source of formation of patriotism based on the teaching of socio-humanitarian subjects]. *Qazaq Ulttyq QyzdarPedagogikalyq Universitetinin Khabarshysy — Bulletin of the Kazakh National Women's Pedagogical University*, 3, 253–258 [in Kazakh].

Авторлар туралы мәліметтер

- Смаханова Жанар** — докторант, ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Жошы Ұлысын зерделеу ғылыми институты» ШЖҚ РМҚ, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>
- Оразаева Жазира** — т.ғ.к., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-8199-0803>
- Қалыбаева Айнұр** — тарих магистрі, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0009-8869-2593>
- Шнанов Өтелбек** — докторант, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-3723-3519>

Information about the authors

- Smakhanova Zhanar** — PhD, Scientific Institute for the Study of the Jochi Ulus, a State Enterprise Under the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-6187-9202>
- Orazayeva Zhazira** — Candidate of Historical Sciences, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-8199-0803>
- Kalibayeva Ainur** — Master of History, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0009-8869-2593>
- Shnanov Otelbek** — PhD student, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-3723-3519>